

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін, оларға қатысты сериялық өнімнің шығу тегі туралы сертификатты пайдалануға жол берілетін тауарлар тізбесіне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2021 жылғы 19 қарашадағы № 12 шешімі.

2015 жылғы 16 қазандағы Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына тауарларды әкелудің және айналысының кейбір мәселелері туралы хаттаманың 3-тармағын іске асыру мақсатында және 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 16-бабының 1-тармағы негізінде Еуразиялық үкіметаралық кеңес **шешті**:

1. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін, оларға қатысты сериялық өнімнің шығу тегі туралы сертификатты пайдалануға жол берілетін тауарлар тізбесіне (Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2020 жылғы 10 сәуірдегі № 2 шешіміне № 1 қосымша) өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап, бірақ ерте дегенде 2022 жылғы 1 қаңтардан кейін күшіне енеді.

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің мүшелері:

<i>Армения Республикасынан</i>	<i>Беларусь Республикасынан</i>	<i>Қазақстан Республикасынан</i>	<i>Қырғыз Республикасынан</i>	<i>Ресей Федерациясынан</i>
------------------------------------	-------------------------------------	--------------------------------------	-----------------------------------	---------------------------------

Еуразиялық үкіметаралық
кеңестің
2021 жылғы 19 қарашадағы
№ 12 шешіміне
ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін, оларға қатысты сериялық өнімнің шығу тегі туралы сертификатты пайдалануға жол берілетін тауарлар тізбесіне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. ЕАЭО СЭҚ ТН 0201 30 000 коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициялармен толықтырылсын:

"0202 20 900 8	Ірі қараның сүйектен ажыратылмаған, мұздатылған өзге де мүшелері
----------------	--

0202 30 500 8	Ірі қараның сүйектен ажыратылған, мұздатылған жауырыны, мойын-жауырын бөлігі және төс еті, өзге мүшелері
0202 30 900 8	Ірі қараның сүйектен ажыратылған, мұздатылған өзге де еті".

2. ЕАЭО СЭҚ ТН 0203 19 коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"0206 21 000 0	Ірі қараның мұздатылған тілдері".
----------------	-----------------------------------

3. ЕАЭО СЭҚ ТН 0207 11 коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"0207 12	Үй тауықтарының (<i>Gallus domesticus</i>) бөлініп шабылмаған, мұздатылған еті".
----------	--

4. ЕАЭО СЭҚ ТН 0207 13 коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"0207 14	Үй тауықтарының (<i>Gallus domesticus</i>) мұздатылған ұшасының бір бөлігі және сорпалық өнімдері
0207 27	Күркетауықтардың мұздатылған ұшасының бір бөлігі және сорпалық өнімдері".

5. ЕАЭО СЭҚ ТН 0304 59 коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"0306 39	Тірі, жас және тоңазытылған өзге де шаян тектестер
0403 20 710 0	Дәмді-хош иісті қоспалары бар немесе жемістер, жаңғақтар немесе какао қосылған, құрамындағы сүт майы 3 масс.%-дан аспайтын өзге иогурт
0403 20 730 0	Дәмді-хош иісті қоспалары бар немесе жемістер, жаңғақтар немесе какао қосылған, құрамындағы сүт майы 3 масс.%-дан астам, бірақ 6 масс.%-дан аспайтын өзге иогурт".

6. ЕАЭО СЭҚ ТН 0404 90 890 коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"0703 20 000 0	Жас немесе тоңазытылған сарымсақ
0707 00	Жас немесе тоңазытылған қиярлар және корнишондар

1602 90	Кез келген жануардың қанынан жасалған дайын өнімдерді қоса, еттен, еттің сорпалық өнімдерінен немесе жәндіктерден жасалған өзге де дайын немесе консервіленген өнімдер
1604 32 009 0	Өзге де бекіре уылдырықтарын алмастырғыштар".

7. ЕАЭО СЭҚ ТН 1902 20 300 0 және 1902 20 990 0 кодтары бар позицияларда "3" сілтеме белгісі алып тасталсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК